

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2024 жылғы 28 наурыз

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының төрағалық етуші баяндамашы судья А.А.Дронов, судьялар А.М.Ажибраимова, Э.В.Айриян, Д.П.Александров, А.А.Забара, Е.Ж.Исмаилов, М.Т.Кайыпов, А.Б.Кишкембаев, Н.В.Павлова, А.Г. Тунян құрамындағы Үлкен алқасы, сот отырысының хатшысы А.В.Королеваның қатысуымен, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 68, 69, 96-тармақтарын, , Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 14, 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып, Татьяна Ивановна Брынованың, Павел Петрович Мысливскийдің, Антон Александрович Пановтың 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың еңбек құқықтық қатынастарына байланысты ережелерін түсіндіру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды береді.

I. Өтініш берушілердің сұрақтары және істің мән-жайы

1. Ресей Федерациясының азаматтары Т. И. Брынова, П. П. Мысливский, А. А. Панов (бұдан әрі-өтініш берушілер) Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) №32-қосымшада қамтылған Әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар және иммунитеттер туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 53 және 54-тармақтарын түсіндіру туралы өтінішпен жүгінді.

2. Іс материалдарынан көрініп тұрғандай, түсіндіру туралы өтінішпен жүгінудің себебі Ереженің 53 - тармағында көзделген Ресей Федерациясының азаматтары арасынан Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын алу шарттарының өзгеруі болды.

Ереженің 2014 жылғы 29 мамырдағы редакциясындағы 53-тармағына сәйкес Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, Комиссияда және Сотта жұмыс істегенге дейін федералдық мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет лауазымдарын атқарған, Комиссияда және Сотта атқарған лауазымдардан босатылған (кінәлі әрекеттеріне байланысты босатылған жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік азаматтық қызметте кемінде он бес жыл өтілі болса, егер олар Комиссия мен Соттағы қызметтен босатылғанға дейін кемінде он екі ай қызмет атқарса, Ресей Федерациясының федералдық мемлекеттік қызметшілерге арналған заңнамасында көзделген тәртіппен тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы бар.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға сәйкес 2022 жылғы 25 қазанда күшіне енген 2021 жылғы 5 тамыздағы Еуразиялық экономикалық комиссияның кадр құрамын қалыптастыру механизмін нақтылау бөлігінде Ереженің 53-тармағының мынадай редакциясы қабылданды:

«Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Комиссия мен Сотта жұмыс істегенге дейін кез келген кезеңде федералдық мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет лауазымдарын атқарған, Комиссия мен Соттағы лауазымдардан босатылған (кінәлі әрекеттерге байланысты босату жағдайларын қоспағанда) және кемінде он бес жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің, егер олар тікелей Комиссия мен Соттан босатылғанға дейін кемінде оларда кемінде он екі ай қызмет атқарса, Ресей Федерациясының федералдық мемлекеттік қызметшілерге арналған заңнамасында көзделген тәртіппен тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алуға құқығы бар».

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияның және Еуразиялық экономикалық одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 24 наурызда қол қойылған және 2023 жылғы 24 қаңтарда күшіне енген хаттаманың (бұдан әрі – Хаттама) негізінде Ереженің 53-тармағына Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін талап етілетін Комиссияда және Сотта атқарған лауазымдарының ұзақтығы бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Хаттаманың 1 бабының 2 тармағына сәйкес Ереженің 53 тармағының бірінші абзацы сөйлемінің мынадай редакциясы қабылданды және бүгінгі күнге дейін қолданылады:

«Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын, Комиссияда және Одақтың Сотында жұмыс істегенге дейін Ресей Федерациясының мемлекеттік қызмет лауазымын атқарған, Комиссияда және Одақтың Сотында атқарған лауазымдардан босатылған (кінәлі әрекеттеріне байланысты босатылған жағдайларды қоспағанда) және тиісті жылы федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілерге еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындау үшін Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген ұзақтығымен мемлекеттік азаматтық қызмет өтілі бар Комиссияның және Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлері, егер олар Комиссиядан немесе Одақтың Сотынан босатылудың алдында кемінде 3 жыл соларда лауазымды атқарса, федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілер үшін Ресей Федерациясының заңнамасында айқындалған шарттарға сәйкес және тәртіппен тағайындалатын еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы алуға құқығы бар».

Бұл ретте Хаттаманың 1-бабы 1-тармағының негізінде Шарттың «Өтпелі ережелер» деген XXVII бөлімі «XXVIII бөлімге қатысты өтпелі ережелер» деген 106¹-баппен толықтырылды, онда Хаттамамен енгізілген мемлекеттік азаматтық қызмет өтілінің ұзақтығы бөлігіндегі өзгерістерді есепке алмай көрсетілген адамдар тобына (оның ішінде Ереженің 53-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығын алған және Хаттама күшіне енген күнге дейін Одақ Комиссиясында немесе Сотында атқарған лауазымдардан босатылған адамдарға (шарттың 106'-бабының екінші абзацы) қатысты Ереженің 53-тармағында белгіленген тәртіппен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы белгілеу құқығын сақтау көзделді.

3. Осы істің шеңберінде Сот мәні бойынша түсіндіру туралы өтініштің бірінші, төртінші және бесінші тармақтардағы сұрақтарға сәйкес келетін мынадай мәселелерді қарайды.

3.1. Түсіндіру туралы өтініштің бірінші тармағында өтініш берушілер Одақ органында ұзақтығы он екі ай жұмыс өтілінің болуын көздейтін Ереженің 53-тармағының редакциясы қолданылған кезеңде осы органдағы қызметтен босатылған Одақ органының лауазымды адамы немесе қызметкеріне көрсетілген тармақтың қолданылуын түсіндіруді өтінеді, ал Комиссия Алқасы Төрағасының немесе Сот Төрағасының еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау туралы ұсынымы Хаттама күшіне енген күннен кейін (2023 жылғы 24 қаңтар) мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді, соның негізінде он екі айдан үш жылға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін талап етілетін, Одақ органындағы жұмыс кезеңін ұлғайтатын Ереженің 53-тармағының жаңа редакциясы қабылданды. Бұл ретте өтініш берушілер, олардың пікірінше, Одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық конституцияларында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, сондай - ақ Шартқа № 1 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің 17-18-тармақтарында бекітілген «субъектілердің жағдайын нашарлататын норманы кері қолдануға тыйым салынатын жалпы құқықтық қағидатқа» сілтеме жасайды.

3.2. Түсіндіру туралы өтініштің төртінші тармағында өтініш берушілер Ереженің 54-тармағында өздері азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік азаматтық қызмет өтіліне енгізілуге жататын, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы тағайындауға арналған лауазымды адамдар мен қызметкерлердің «жұмыс кезеңі» ұғымы пайдаланылатыны бола тұрса да, Ереженің 53-тармағының бірінші абзацында Комиссия мен Соттағы жұмыстың ұзақтығы туралы талап Одақ органдарында «лауазымдарды атқару» ретінде тұжырымдалғанын ескере отырып, Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің өкілеттіктерді орындау кезеңі өздері азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік қызмет өтіліне енгізілетіні немесе енгізілмейтіні туралы мәселені түсіндіруді сұрайды.

3.3. Түсіндіру туралы өтініштің бесінші тармағында өтініш берушілер «Одақ органдарындағы еңбек қатынастары практикасына сүйене отырып» Ереженің 53 және 54-тармақтарына сәйкес Комиссияда немесе Сотта тиісті

лауазым бойынша «міндетін атқарушы» ретіндегі жұмыс кезеңі мемлекеттік қызмет өтіліне енгізіле ме, жоқ па деген мәселені қояды.

4. Түсіндіру туралы өтінішпен Сотқа жүгінудің алдында келесідей мән-жайлар болды.

Өтініш беруші Т. И. Брынова 2015 жылғы 2 қараша мен 2016 жылғы 1 желтоқсан аралығында Сот Төрағасының 2015 жылғы 30 қазандағы № 57 бұйрығы және 2015 жылғы 2 қарашадағы еңбек шартының (келісімшарттың) негізінде Сот судьясының көмекшісі лауазымын, ал 2017 жылғы 1 желтоқсан мен 29 желтоқсан аралығында Сот Төрағасының 2016 жылғы 29 қарашадағы № 18-л бұйрығы негізінде және 2016 жылғы 29 қарашадағы еңбек шартының (келісімшарттың) Сот Хатшылығының сараптамалық талдау бөлімінің консультанты міндетін атқарды. Көрсетілген кезеңде өтініш беруші Беларусь Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген тәртіппен аккредиттелді және Сот қызметкері ретінде тиісті артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланды. Соттың өтініш берушімен жасасқан еңбек шарттарында (келісімшарттарында) оған қатысты «Шартқа және Еуразиялық экономикалық одақ Сотын ұйымдастыру мен оның қызметі және қағидаларына сәйкес Сот қызметкерін зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру жүзеге асыру» көзделінген. Өтініш берушінің жұмыс істеу кезеңінде (оның ішінде Сот Хатшылығының сараптамалық-талдау бөлімі консультантының міндетін атқарушы ретінде) Сот Ереженің 44-тармағына сәйкес Ресей Федерациясының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтініш беруші азаматы болып табылатын мемлекеттің зейнетақы қорына сот қызметкері ретінде зейнетақымен қамсыздандыруға сақтандыру жарналарын аудару бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындады. Сот Төрағасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 25-л бұйрығымен Т. И. Брынова 2017 жылғы 29 желтоқсанда Сот Хатшылығының сараптамалық талдау бөлімі консультантының міндеттерін атқарудан босатылды және еңбек шартының (келісімшарттың) қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты жұмыстан шығарылды.

2023 жылғы 2 ақпанда өтініш берушінің тиісті өтініші Сотқа келіп түскендігіне орай Сот Төрағасы Ереженің 53-тармағына сәйкес Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне өтініш берушіге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау туралы ұсыным жолдады (Сот Төрағасының 2023 жылғы 10 ақпандағы № 5-3-9/3 хаты). Жоғарыда аталған министрлік өтініш берушінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын мойындаудан бас тартты, бұл туралы Сотты 2023 жылғы 8 наурыздағы № 21-4/10/В-3121 хатпен хабардар етті. Бұл шешімге өтініш беруші сот тәртібімен шағымданды.

5. Қаралып отырған түсіндіру туралы өтінішпен Сотқа жүгінген кезде (2023 жылғы 29 желтоқсан) өтініш берушілер П.П.Мысливский және А. А. Панов Сотта еңбек қатынастарында болды.

II. Соттағы рәсім

6. Өтініш Соттың Үлкен алқасының 2024 жылғы 30 қаңтардағы

қаулысымен түсіндіру туралы өтініштің 1, 4 және 5-тармақтарында баяндалған мәселелер бөлігінде іс жүргізуге қабылданды.

7. Шарттың №2 қосымшасы болып табылатын Сот Статутының (бұдан әрі – Статут) 68-тармағына сәйкес түсіндіру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының регламентінде (бұдан әрі – Регламент) айқындалады.

8. Регламенттің 75-бабының тәртібімен істі қарауға дайындау шеңберінде жоғары сот органдарына, конституциялық бақылау органдарына, Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті және өзге де органдарына, олардың ұлттық ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарына (И. Кант атындағы Беларусь мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (университетінің) Еуразиялық оқу институты, Ереван мемлекеттік университеті, Ресей Ғылым Академиясының Мемлекет және құқық институты, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты, Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институты, Қазан (Еділ) федералдық университеті, Б. Н. Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славян университеті, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей-Армян (Славян) университеті, О. Е. Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң университеті), сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссияға және бірқатар халықаралық ұйымдарға (Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық соты, Біріккен Ұлттар Ұйымының апелляциялық трибуналы, Халықаралық еңбек ұйымының әкімшілік трибуналы, Теңіз құқығы жөніндегі халықаралық трибунал, Азия Даму Банкінің әкімшілік трибуналы, Африка Даму Банкінің әкімшілік трибуналы, Африка одағының әкімшілік трибуналы, Батыс Африка мемлекеттерінің экономикалық қоғамдастығының соты) сұрау салулар жіберілді.

Статуттың 75-бабының тәртібімен Соттың сұрауына жауап ретінде өтініш беруші Т.И. Брыннова және Сот Хатшылығы істің мән-жайларын жан-жақты зерделеу және бағалау үшін қажетті құжаттар мен материалдардың көшірмелерін ұсынды.

III. Соттың қорытындылары

9. Осы консультативтік қорытындының мәні сот Статуттың 46-тармағында көзделген Соттың өтініште көрсетілген Шарттың еңбек қатынастарына байланысты нормаларына (Ереженің 53 және 54-тармақтары) түсініктеме беруі болып табылады. Бұл байланыстың болуы, біріншіден, Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің көрсетілген ережелерді реттеу мәнін құрайтын Одақтың осы органдарымен құқықтық қатынастары (зейнетақымен қамсыздандыру саласында әлеуметтік кепілдіктер беру) Шартқа сәйкес осы адамдардың Одақ органдарымен еңбек қатынастарын орнату негізінде ғана өзгеше туындамайтындығымен түсіндіріледі. Екіншіден, жоғарыда аталған әлеуметтік кепілдіктердің болуы

Шартқа сәйкес өзге де әлеуметтік кепілдіктермен, артықшылықтармен және иммунитеттермен қатар Комиссия мен Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің олардың өзгені айтпағанда, Одақ органдарымен еңбек шарттарында (келісімшарттарында) бекітілетін халықаралық қызметшілер ретіндегі мәртебесінің ажырамас элементі болып табылады.

Осыған орай, Сатуттың 46-тармағының ережелерін ескере отырып, Комиссия мен Соттың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының Одақтың осы органдарында олардың халықаралық қызмет өткеру шарттары туралы шарттың ережелеріне қатысты өтініштері бойынша, оның ішінде 53 және 54-тармақтарды қоса алғанда, Ереженің зейнетақымен қамсыздандыру саласында әлеуметтік кепілдіктер беруді реттейтін тармақтарына қатысты түсініктемелер беру Соттың құзыретіне жатады.

10. Үлкен алқа келіп түскен өтініштің мазмұнын, қаралатын істің мән-жайын және Сот практикасын назарға ала отырып (2017 жылғы 11 желтоқсандағы № P-5/17 іс бойынша және 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № P-5/18 іс бойынша консультативтік қорытындылар), *in concreto* (осы консультативтік қорытындының 17-20-тармақтары) түсіндіруге жүгінумен Статуттың 2-тармағын басшылыққа ала отырып, осы Консультативтік қорытындыда өтініш берушілердің нақты мән-жайларға қолдануда Ереженің 53 және 54-тармақтарының мәнін түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге, атап айтқанда Одақ құқығының және мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасының арақатынастарына, оның ішінде құқықтық реттеу саласында қарастырылатын – Одақтың халықаралық қызметшілерін зейнетақымен қамсыздандыруда әлеуметтік кепілдік беруде (осы Консультативтік қорытындының 11-16-тармақтары) оларды қолданудағы *жалпы тәртіптің* кейбір өзекті мәселелерін жүйелі талдауды негізге ала отырып, түсінік берген жөн деп санайды.

11. Осыған орай Үлкен алқа халықаралық ұйымдарды құру мен олардың жұмыс істеуінің халықаралық тәжірибесі аясында Еуразиялық экономикалық одақтың ерекшелігі Шартқа сәйкес Комиссия мен Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін қоса алғанда, Одақтың халықаралық қызметшілерінің еңбек қатынастары «осы Ереженің нормалары ескеріле отырып, болу мемлекетінің заңнамасымен реттелетіндігінде» (Ереженің 43-тармағы), ал оларды зейнетақымен қамсыздандыру «олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатындығында» деп атап өтеді.

Осылайша, қатынастардың аталған саласында (әдетте құрылтай актісін және оған негізделген халықаралық ұйымның ережелерін реттеу мәнін құрайтын) Шартқа (Одақ құқығына) негізделген халықаралық құқықтық тәртіп мүше мемлекеттердің барлығының және әрқайсысының ұлттық құқықтық тәртіптерімен тығыз өзара әрекеттеседі. Мұндай реттеу Одақ құқығының халықаралық қызметшілердің мәртебесін реттейтін құқық нормаларын, оның ішінде Ереженің 53 және 54-тармақтарын біркелкі түсіндіруге және қолдануға әсер етеді.

Осыған орай, осы істі қарау кезінде ЕАЭО құқығы мен Шартты қолдану

саласындағы ұлттық заңнаманың арақатынасын талдауға және Одақтың халықаралық ұйым ретіндегі құқықтық табиғатын есепке алуға, оның жұмыс істеуін құқықтық реттеудің ерекшеліктеріне ерекше назар аудару қажет.

12. Ереженің 53 және 54-тармақтарының нормалары мүше мемлекеттердің Одақтың халықаралық қызметшілерінің құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық міндеттемелерін белгілейді, оларды мүше мемлекеттер 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) 26-бабында бекітілген жалпыға бірдей танылған қағидат *pacta sunt servanda* негізінде адал сақтауға тиіс. Вена конвенциясының 27-бабына сәйкес «қатысушы өзінің шартты орындамағаны үшін өзінің ішкі құқығының ережелеріне ақталу ретінде сілтеме жасай алмайды». Егер шартта мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасында көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленген жағдайда, шартта көзделген ережелер қолданылады.

13. Ереженің 53 және 54-тармақтарының нормалары мүше мемлекеттердің Одақ институттарының тиімді және тәуелсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қатысты және оның шеңберінде халықаралық қызметте құрылған ортақ мүдделері саласында қолданылады. Мүше мемлекеттердің Ереженің 53 және 54-тармақтарын қоса алғанда, Одақ құқығының нормаларын біркелкі түсіндіруді және қолдануды қамтамасыз етуі Шарттың 107-бабын негізге ала отырып, Одақтың халықаралық ұйым ретінде институционалдық тұтастығы мен тиімді жұмыс істеуінің шарты болып табылады.

Осыған байланысты Үлкен алқа Одақтың халықаралық қызметшілерінің әлеуметтік кепілдіктері саласындағы ұлттық заңнама мен оны мүше мемлекеттерде қолдану практикасы Ереженің нормаларына сәйкес келуге және оған қайшы келмеуге тиіс деген қорытындыға келеді. Қандай да бір мүше мемлекеттің Ережені реттеу саласындағы ұлттық заңнама актілерін қабылдауы, сондай-ақ Шарт нормаларының қолданылуын шектеуді немесе күшін жоюды көздейтін сол Шартты қолдану практикасы оның Шарт бойынша халықаралық міндеттемелеріне, атап айтқанда, мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдайлар жасайтын оның 3-бабына қайшы келер еді.

14. Ереженің «Одақ органдарындағы еңбек қатынастары және әлеуметтік кепілдіктер» деген V бөлімінің нормалары сонымен бірге мүше мемлекеттердің Шартта көзделген әлеуметтік кепілдіктер қолданылатын адамдарға қатысты сол кепілдіктерді кейіннен іске асыру мақсатында ұлттық заңнамаға имплементациялау міндеттемені білдіреді.

Аталған имплементация Одақтың халықаралық қызмет институты және оның халықаралық қызметшілерінің мәртебесін реттеу нысанасы болып табылатын Шарттың нормаларын біркелкі түсіндіруді және қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған.

Мүше мемлекеттің заңнамасында Шартқа сәйкес Одақтың халықаралық қызметшілерінің мәртебесін реттейтін нормалар болмаған жағдайда, тиісті актілерді олар азаматтары болып табылатын мемлекеттер Одақтың халықаралық қызметшілерінің құқықтарының ұлты немесе азаматтығы

белгілері бойынша теңсіздігінің алдын алу және Ережеде көзделген әлеуметтік кепілдіктердің іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында оларды бір-бірімен үйлестіре отырып, ұлттық деңгейде қабылдайды.

15. Ереженің 53 және 54-тармақтарын түсіндіру және қолдану кезінде Одақтың Шарттың 1-бабының 2-тармағына, Ереженің II және III бөлімдеріне сәйкес халықаралық құқықтық субъективтілік пен функционалдық иммунитетке ие халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесін де ескеру қажет. Сот 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № Р-5/17 іс бойынша консультативтік қорытындысында атап өткендей, Одақтың халықаралық-құқықтық мәртебесі оның өз персоналымен өзара қарым-қатынасын дербес реттеуді көздейді, ал оның құрылтай шарты оның ішкі ұйымын реттеуде негізгі құқықтық акт ретінде әрекет етеді (15-тармақ). Ұлттық заңнамаға сілтеме жасау нормалары халықаралық қызметшілер қатысатын құқықтық қатынастар кешенін регламенттейтін Шарттың өзінде қамтылғандықтан, ұлттық заңнаманың нормалары көрсетілген тұлғалардың Одақ құқығымен реттелмеген құқықтық мәртебесінің элементтеріне қолданылады және онымен халықаралық қызметшілердің өздерінің қызметтік міндеттерін, функцияларын тәуелсіз және тиімді орындау мен Ереженің 2 және 3-тармақтарында бекітілген өз өкілеттіктерінің халықаралық сипатын мүлтіксіз құрметтеу қағидаттар әрекеттерін қозғамайтындай түрде қолданылады.

16. Сондай-ақ, Үлкен алқа Ережеде көзделген басқа да әлеуметтік кепілдіктермен, артықшылықтармен және иммунитеттермен қатар Одақ органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік кепілдіктерін белгілейтін Ереженің 53 және 54-тармақтарының нормалары Одақтың және Одақтың халықаралық қызмет институтының халықаралық қызметшілері мәртебесінің ажырамас элементі болып табылады деген қорытындыға келеді.

Бұл ретте Одақтың халықаралық қызметшілерінің, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік кепілдіктерінің көлемі мен нормативтік мазмұны мүше мемлекеттер оларға жүктейтін функциялардың жария сипатымен және осыған байланысты олардың кәсіби біліктілігіне, Шарттың мәнін құрайтын арнайы білімдер мен қызмет саласындағы тәжірибені қоса алғанда, іскерлік және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптармен, сондай-ақ халықаралық қызметті өткеруге байланысты шектеулермен түсіндіріледі. Сондай-ақ Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қойылатын осындай талаптардың деңгейін айқындау кезінде Шарттың негізінде Комиссия Алқасының мүшелеріне және Сот судьяларына (олардың қызметі Одақтың осы органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлері қамтамасыз етуге арналатын) қолданылатын біліктілік талаптары ескерілмеуі мүмкін емес.

17. Өтініштің бірінші тармағында қойылған сұраққа жауап бере отырып, Үлкен алқа Одақтың халықаралық қызметшілерінің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік кепілдіктер алуын реттейтін Ереженің өзге нормаларымен (Комиссия мен Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қолданылатын - Ереженің 44, 46, 47 және 54-тармақтары)

өзара байланыстағы 53 және 54-тармақтарда Комиссия мен Соттың оларда көрсетілген лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік кепілдіктер берудің материалдық-құқықтық және жекелеген рәсімдік шарттары белгіленеді.

Бұл ретте Одақтың халықаралық қызметшілерінің еңбек қатынастары мен әлеуметтік кепілдіктерін реттейтін зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы Ереже нормаларын жүйелі түсіндіру (43, 44, 46, 47, 50, 53 және 54- тармақтар) Ереженің 53-тармағы 1) субъектілік құрам бойынша (*ratione personae*) оны қолдану аясы Комиссия мен Соттың Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын лауазымды адамдарымен және қызметкерлерімен шектеледі; 2) оларға Одақ органдарында халықаралық қызметті өткеретін адамдарда пайда болуының материалдық-құқықтық және жекелеген рәсімдік шарттар, Ресей Федерациясында зейнетақымен қамсыздандырудың нақты түріне құқықтар - федералдық мемлекеттік азаматтық қызметшілердің еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы белгілеу мағынасында арнайы сипатқа ие болатыны туралы қорытындыны растайды.

Ресей Федерациясының азаматтары қатарындағы Комиссия мен Соттың лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын алу шарттарына, атап айтқанда, Шартта белгіленген тікелей жұмыстан шығарылардың алдында Комиссия мен Соттағы кемінде он екі ай жұмыс істеу кезеңін қоса алғанда, мемлекеттік азаматтық қызмет өтілінің жалпы ұзақтығына (он бес жыл) қойылатын талаптар жатқызылды, ол талаптар Ереженің 53-тармағының бастапқы редакциясында бекітілген болатын, кейіннен Хаттамамен ұлғайту жағына түзетілді.

Үлкен алқа Ереженің 53-тармағының нормасы бұрынғы редакцияда да, Шарттың 106¹-бабымен өзара байланысты қолданыста болғанда да анық және нақты баяндалғанын, тікелей әрекет ету нормасы болып табылатынын және мұндай іс-әрекет қолданылатын адамдарда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыға құқықтардың туындауы үшін негіз жасайтынын атап көрсетеді.

Көрсетілген материалдық-құқықтық шарттардың орындалуын қамтамасыз ететін мән-жайлар туындаған кезде халықаралық қызметшінің Шартқа байланысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығы туындайды. Ол туындаған сәттен бастап бұл құқық мәні бойынша «алынған құқық» болып табылады, оны іске асыру Шарттың ықтимал өзгерістеріне және оған негізделген Одақ құқығының актілеріне тәуелді болмайды.

Осыған орай Үлкен алқа халықаралық сот органдарының, атап айтқанда, Халықаралық еңбек ұйымының әкімшілік трибуналының тәжірибесінде қалыптасқан тәсілді негізді деп санайды және түсіндіру туралы келіп түскен өтінішті қарау кезінде ескереді, оған сәйкес зейнетақы құқықтары «алынған құқықтар» санатына жатады және осы құқықтарды реттейтін нормативтік құжаттардың мәтініне енгізілген қандай да бір өзгерістерге қарамастан оның иесі іске асыруға тиіс. (*lamadie* ісі бойынша 1978 жылғы 13 қарашадағы № 365 (10-тармақ) және *Biggio* ісі бойынша 1978 жылғы 13 қарашадағы № 366 (10-тармақ) шешімдер).

Осылайша, 2023 жылдың 24 қаңтарына дейін қолданыста болған

редакциядағы Ереженің 53-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын алған және Комиссияда немесе Одақ Сотында атқарған лауазымдарынан босатылған (кінәлі әрекеттерге байланысты босатылу жағдайларын қоспағанда) Комиссияның немесе Одақ Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлері өздерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетке шығу құқығын бұрынғы шарттарда сақтайды.

Бұл ретте Шарт және Одақтың өзге де актілері Комиссия Алқасының Төрағасы немесе Сот төрағасы (олардың бастамасы немесе еңбек сіңіргені үшін зейнетақы құқығын алған адамның өтініші бойынша) Ереженің 53-тармағының бірінші абзацында көзделген Ресей Федерациясының уәкілетті органына ұсыным жасауға тиіс мерзімді белгілемейді.

18. Өзге ниет Шарттан туындамайтындықтан немесе өзге түрде белгіленбейтіндіктен Вена конвенциясының 28-бабында кодталған халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормасына сәйкес шарттың ережелері шартқа қатысушы үшін шарт күшіне енген күнге дейін осы қатысушы үшін орын алған кез келген әрекетке немесе фактіге қатысты немесе осы күнге дейін өмір сүруді тоқтатқан кез келген жағдайға қатысты міндетті болмайды.

Осыған байланысты Үлкен алқа өтініш берушінің түсіндіруінде оның жағдайын нашарлатқан Ереженің 53-тармағына өзгерістер енгізуді көздейтін Хаттамада жоғарыда аталған Хаттама күшіне енгенге дейін (яғни, 2023 жылғы 24 қаңтарға дейін) туындаған құқықтық қатынастарға қатысты қолдануда осы өзгерістердің міндеттілігі көзделетін нормалардың жоқ екенін атап өтеді.

Жоғарыда аталған Хаттаманың мазмұнын талдау, керісінше, қатысушы мемлекеттер өздерінің конституциялық құқықтық тәртіптерімен, құқықтық айқындау қағидаттарымен, мемлекеттік билікке және құқықтық реттеудің тұрақтылығына деген сеніммен Шарттың мәтінін «XXVIII бөлімге қатысты өтпелі ережелер» деген 106¹ баппен толықтырды, ол бап көрсетілген Хаттама күшіне енген күннен кейін онымен енгізілген мемлекеттік азаматтық қызмет өтілінің ұзақтығы бөлігіндегі өзгерістерді ескерместен Ереженің 53-тармағында көзделген тәртіппен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы белгіленетін адамдар тобын айқындайды.

Ереженің 53 және 54-тармақтарын жүйелі түсіндіруді негізге ала отырып, Үлкен алқа Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау үшін қажетті мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтілінің жалпы ұзақтығын айқындау бөлігінде олардың бірін бірі толықтырылуын атап көрсетеді. Ереженің 54-тармағына сәйкес Одақ органының лауазымды адамы және/немесе қызметкері ретінде жұмыс істеу кезеңі Шарттың 106¹ бабында пайдаланылатын мемлекеттік азаматтық қызмет өтілінің жалпы ұзақтығына қосылатындықтан, «мемлекеттік қызмет өтілінің ұзақтығы бөлігіндегі өзгерістер» ұғымын сөздің өзіндік мағынасында мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтілін білдіретін еңбе өтілінің бөлігіне және Комиссияның және Соттың лауазымды адамының, қызметкерінің Одақтың осы органдарындағы жұмыс істеу кезеңін қамтитын бөлігіне жататын өтіл ретінде

түсіну қажет.

Сот сонымен бірге № P-5/18 іс бойынша 2018 жылғы 20 желтоқсандағы *Консультативтік қорытындыда* баяндалған адамның және азаматтың Одақ кепілдік берген құқықтары мен бостандықтарының деңгейі мүше мемлекеттерде қамтамасыз етілетін деңгейден төмен болуы мүмкін болмайтын құқықтық ұстанымды да ескереді және соның негізінде Одақтың бұрынғы халықаралық қызметшісіне қатысты оның құқықтық жағдайын нашарлататын нормативтік реттеуді ретроактивті қолданылмауға тиіс деген қорытындыға келеді.

Соттың Үлкен алқасы сондай-ақ түсіндіру туралы өтініштің 1-тармағында қойылған өтініш берушілер П.П.Мысливский мен А.А. Пановқа қатысты бөлігіндегі мәселенің де мәні болмайды, өйткені жоғарыда аталған Хаттама күшіне енген күнге дейін қолданыста болған Ереженің 53 тармағының редакциясымен белгіленген еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығы туындауының материалдық-құқықтық шарттары оларға қолданылмайды.

19. Түсіндіру туралы өтініштің төртінші тармағында қойылған сұраққа жауап бере отырып, Сот Ереженің 53-тармағының мәтінінен Ресей Федерациясы азаматтарының қатарындағы Одақтың халықаралық қызметшілерінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығының пайда болуы олардың Одақ Комиссиясы мен Сотында лауазымдарды иеленуімен байланысты екендігі айқын көрінеді, бұл № P-2/17 ісі бойынша 2017 жылғы 12 қыркүйектегі *Консультативтік қорытындыда* көрініс тапқан құқықтық ұстанымда бекітілген, оған сәйкес Сот «міндетін атқару» мен «лауазымды иелену» ұғымдарын көлемі мен мазмұны бойынша тең мәнді деп таныды.

Ереженің 54-тармағында өз кезегінде Комиссия мен Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің «жұмыс істеу кезеңі» ұғымы пайдаланылады, ол көрсетілген тармаққа сәйкес олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік азаматтық қызмет өтіліне, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындауға арналған өтілге енгізілуге тиіс.

Одақ құқығында лауазымды адамдар мен қызметкерлердің «жұмыс істеу кезеңі» терминінің анықтамасы жоқ. Сот Комиссия мен Соттың қалыптасқан практикасына сүйене отырып, аталған термин арқылы лауазымды адамдар мен қызметкерлердің олармен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттары) негізінде еңбек қызметінің жалпы ұзақтығын түсіну керек деп санайды.

Ереженің 53 және 54-тармақтарының контекстік түсіндірмесінен Комиссияның және Соттың Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің иеленетін (атқаратын) лауазымы бойынша өкілеттіктерін орындау кезеңі осы мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық), оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің (федералдық мемлекеттік азаматтық қызметкерлердің) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау мақсатында қызмет өтіліне енгізілетіні келіп шығады.

Үлкен алқа Ереженің 54-тармағы Одаққа мүше барлық мемлекеттердің азаматтарына қолданылады, Комиссияда және Сотта жұмыс істеу кезеңдерін мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне қосу үшін қандай да бір шарттарды қамтымайды және тиісінше Одақ органдарында жұмыс істегенге дейін мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтілі болмаған адамдарға да қолданылады деген қорытындыға келді.

20. Түсіндіру туралы өтініштің бесінші тармағында қойылған сұраққа жауап беру кезінде Үлкен алқа осы Консультативтік қорытындының 4-тармағында сипатталған істің мән-жайларын ескере отырып, ол Ереженің 53-тармағының бұрынғы редакциясының қолданылу кезеңінде Сот Хатшылығының сараптамалық-талдау бөлімінің консультанты лауазымы бойынша Сот қызметкерінің міндеттерін атқарған өтініш берушілердің біреуімен ғана жасалған Соттың еңбек қатынастарына қатысты болады.

Үлкен алқа Ереженің 53 және 54-тармақтарына сәйкес тиісті адамға (қызметкерге) қатысты еңбек өтілін белгілеу және зейнетақы тағайындау мақсаттары үшін Шарттан туындайтын мынадай талаптардың сақталуы айқындаушы мәнге ие деп есептейді: 1) осы адамда Одақ органының лауазымды адамы немесе қызметкері ретінде еңбек функциясын орындау, сондай-ақ Одақ органының осы адамға қатысты Шарттың талаптарына сәйкес Одақ органының лауазымды адамы немесе қызметкері ретінде зейнетақымен және ілеуметтік қамтамасыз ету міндеттілігі көзделетін Одақ органымен жасалған еңбек шартының (келісімшарттың) болуы; 2) Одақ органының лауазымды адамдары немесе қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен және шарттарда осындай адамды зейнетақымен қамтамасыз етуге міндетті аударымдар туралы талаптарды Одақ органының орындауын қоса алғанда, тараптардың еңбек шартында (келісімшартта) көзделген өзара міндеттерді көрсетілген шарт тараптарының іс жүзінде жүзеге асыруы (Ереженің 44-тармағы).

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Үлкен алқа аталған шарттар бір мезгілде сақталған кезде Комиссияның немесе Соттың лауазымды адамының, қызметкерінің Комиссиядағы немесе Соттағы тиісті лауазым бойынша «міндетін атқарушы» ретіндегі жұмыс кезеңі Ереженің 53 және 54-тармақтарына сәйкес және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау мақсаттары үшін мемлекеттік қызмет өтіліне енгізілуге тиіс деген қорытындыға келеді.

21. Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Үлкен алқа:

21.1. Ереженің 2023 жылғы 24 қаңтарға дейін қолданыста болған редакциясының 53-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы құқығын алған және Комиссияда немесе Сотта атқарған лауазымдарынан босатылған (кінәлі әрекеттеріне байланысты босатылау жағдайларын қоспағанда) Комиссияның және Соттың лауазымды адамдары мен қызметкерлері, оның ішінде мұндай адамдардың аталған құқықты іске асыру күніне және Комиссия Алқасының Төрағасы немесе Сот төрағасы мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсыным енгізгеніне қарамастан, Комиссияда немесе Сотта кемінде он екі ай жұмыс өтілінің ұзақтығы туралы талап

бөлігінде өздерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алу құқығын бұрынғы шарттарда сақтайды.

21.2. Ереженің 54-тармағына сәйкес Комиссияның және Соттың лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің осы органдардағы жұмыс кезеңі олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне, оның ішінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау мақсаттары үшін енгізіледі. Бұл ретте Одақ Комиссиясы мен Сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің осы органдардағы «жұмыс істеу кезеңі» (Ереженің 54-тармағы) мазмұны бойынша аталған адамдардың осы органдарда «міндетін атқару» кезеңіне тең болады (Ереженің 53-тармағы).

21.3. Ереженің 53 және 54-тармақтарын қолдану мақсаттары үшін Одақ Комиссиясының және Сотының лауазымды адамының, қызметкерінің «міндетін атқарушы» ретіндегі жұмыс кезеңі олар азаматтары болып табылатын мүше мемлекеттің мемлекеттік (мемлекеттік азаматтық) қызмет өтіліне енгізіледі.

IV. Қорытынды ережелер

22. Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушілерге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Одақтың ресми интернет-сайтына орналастырылсын.

Төрағалық етуші баяндамашы-судья

А.А.Дронов

Судьялар:

А.М.Ажибраимова

Э.В.Айриян

Д.П.Александров

А.А.Забара

Е.Ж.Исмаилов

М.Т.Кайыпов

А.Б.Кишкембаев

Н.В.Павлова

А.Г. Тунян